

Аудандық жер комиссиясы жөніндегі Ережені бекіту туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданы әкімдігінің 2003 жылғы 18 маусымдағы N 128 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 8 шілдедегі N 970 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 15 мамырдағы N 154 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2012.05.15 N 154 Қаулысымен

Ауданда жер қатынастарын реттеу мақсатымен және "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы N 152-ІІ Заңының 34, 35-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы №N 148-ІІ Заңының 31-бабына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

Қоса берілген аудандық жер комиссиясы жөніндегі Ереже бекітілсін.

Аудан әкімі

А у д а н			ә к і м д і г і н і ң
" А у д а н д ы қ	ж е р		к о м и с с и я с ы
ж ө н і н д е г і	Е р е ж е н і	б е к і т у	т у р а л ы "
2 0 0 3	ж ы л ғ ы	1 8	м а у с ы м д а ғ ы
N	1 2 8		қ а у л ы с ы н а
ҚОСЫМША			

Аудандық жер комиссиясы жөніндегі ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1. Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданындағы аудандық жер комиссиясы (әрі қарай комиссия) аудандағы жер қатынастарын реттеу мақсатымен құрылған (немесе жер учаскелерін пайдалану құқығын беретін), тұрақты түрде қызмет атқаратын орган болып табылады.

2. Комиссия жергілікті атқарушы органның жанында - әкімдікте құрылады. Аудан әкімі комиссияның арнайы құрамын мәслихаттың кезекті сессиясына б е к і т у г е ұ с ы н а д ы .

3. Комиссияның құрамында комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары, 5-9 комиссия мүшелері, жергілікті өкілетті органның депутаттары, жер ресурстарын басқару, сәулет және қала құрылысы жөніндегі аумақтық органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері қатарынан және ауыл шаруашылық және ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсату басқармасында штаттық лауазымды қызметте отырған жауапты хатшы болады.

4. Комиссия жер қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының заңды актілерінің, осы Ереженің негізінде өз қызметін жүзеге асырады.

5. Комиссия өз қызметінде жергілікті атқарушы орган - әкімдіктің алдында жауапты.

6. Комиссияның қызметі төмендегі қағидалармен негізделеді:

з а ң д ы л ы қ ;

а д а м г е р ш і л і к

лауазымды адамдардың өз іс-қимылдарына және қабылдаған шешімдеріне жауапкершілігі.

2. Комиссияның негізгі қызметтері

7. Комиссияның негізгі қызметтері:

өз құзыретінің шегінде жерді пайдалану құқығы мәселесі бойынша жеке және заңды тұлғалардың арызын қарау болып табылады.

3. Комиссиямен материалдарды қарау тәртібі

8. Комиссия жер қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштерін қарайды.

Өтініште жер учаскесін пайдалану мақсаты, оның болжамды мөлшері, орналасқан жері, сұралатын пайдалану құқығы, басқа жер учаскесінің болуы (болмауы) көрсетілуге тиіс. Пайдалы қазбалар өндірілетін жағдайда өтінішке жер қойнауын пайдалануға арналған Келісім-шарттың көшірмесі ұсынысқа қоса беріледі.

Жер учаскесіне құқық беру туралы ұсынған өтініш түскен кезінен бастап үш айға дейінгі мерзімде қаралады.

9. Комиссияның отырысына даярлық:

Комиссияның қарауына түскен материалдарды уақытында және дұрыс қарау мақсатымен оларды Комиссияның төрағасы немесе оның тапсырмасымен төрағаның орынбасары алдын-ала оқып зерттейді.

Комиссияның қарауына түскен материалдарды алдын-ала зерттеу үрдісінде комиссия:

сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймаққа бөлуге сәйкес
мәлімделген мақсат бойынша нысаналы пайдалану мүмкіндігін;
осы материалдардың деректерін қарау оның құзыретіне жататындығын;
комиссия отырысына шақыртып алуға немесе шақыртуға жататын адамдар
ш е ң б е р і н а н ы қ т а й д ы .

Алдын ала материалдарды зерттеу нәтижесі бойынша комиссия:
Комиссияның отырысына материалдарды қарауға ұсынады және өтініш
берушіге немесе оның заңды өкілдеріне, отырысқа қатысуы міндетті болып
табылатын басқа да тұлғаларға өтетін орны мен күні туралы хабарлай алады;
Комиссияның отырысында қаралуға тиіс мәселенің барысы жөніндегі
ө т і н і ш т і қ а р а с т ы р а а л а д ы ;
өтінішті қанағаттандырудан бас тарта алады.

Жер учаскесіне құқық беруден бас тарту жергілікті атқарушы орган-
өкімдіктің қаулысымен ресімделіп, өтініш берушіге шешім қабылданғаннан кейін
жеті күн мерзімде көшірмесі тапсырылады.

10. Комиссияның отырысын жүргізудің тәртібі:
Комиссияның отырысы жыл ішінде қажетіне қарай өткізіледі.
Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі жиналатын болса,
комиссия отырысының заңды күші бар деп саналады. Комиссия отырысына
комиссияның төрағасы немесе оның тапсырмасымен орынбасары төрағалық
е т е д і .

11. Комиссияның хаттамасы.
Қаралған өтініштердің қорытындысы бойынша комиссия отырысының
х а т т а м а с ы р е с і м д е л е д і .

Комиссияның хаттамасы қаралған материалдардың нәтижесі бойынша
ресімделеді және комиссия отырысына қатынасушы комиссия мүшелерінің
қарапайым көпшілік дауысымен шешіледі. Егер дауыс бірдей екіге бөлінсе,
төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Х а т т а м а д а к ө р с е т і л е д і :
Комиссияның атауы және жеке құрамы;
Комиссияның өту күні және өту орны;
қаралып жатқан материал иесінің аты-жөні, тегі;
өтініште көрсетілген тілегі;
Комиссияның қорытындысын қабылдауға негіз болған дәлелдер;
Комиссияның қабылдаған қорытындысы.

Төрағалық етуші және оның жауапты хатшысы хаттамаға қол қояды,
комиссияның отырысында жарияланады және шағым беруге бекітілген мезгіл
аяқталғаннан кейін заңды күшіне енеді.

Комиссияның қорытындысы Қазақстан Республикасының жер қатынастарын

реттейтін заңдарына сәйкес шығарылады.

Өтініш иесіне Комиссия отырысының хаттамасынан көшірме беріледі.

12. Комиссияның хаттамасына шағым беру.

Қаралған материалдар бойынша комиссия қабылдаған қорытынды ол кімге қатысты қабылданса, сол адам оның заңды өкілдері, адвокаты шағым бере алады.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл ауданы әкімдігінің
2004.05.24 N 172 Қаулысымен.**

Комиссия отырысының хаттамасының көшірмесін алған күннен бастап он күн ішінде осы комиссияны құрған атқарушы органға шағым беруі мүмкін.

Көрсетілген мерзімде шағым беру Комиссияның тиісті хаттамасының
о р ы н д а л у ы н т о қ т а т а д ы .

Комиссияның қаулысына сотқа шағым берудің мезгілі мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бекітіледі.

**Ескерту. 5 азат жолы алынып тасталды - Жамбыл ауданы әкімдігінің
2004.05.24 N 172 Қаулысымен.**

Жер учаскесіне сәйкес құқық ұсыну туралы жергілікті атқарушы органның шешімі - аудан әкімдігінің қаулысы өтініш берушіге жер учаскесіне меншік құқығын немесе жерді пайдалану құқығын беру туралы қаулының көшірмесін қаулы қабылданғаннан кейін жеті күндік мерзімде жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданады.

4. Комиссияның қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету

13. Комиссияның қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету аудан әкімі аппаратына жүктеледі.